

## Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 28 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13188 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз!**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Төлем жүйелерін дамыту және басқару департаменті (Мұсаев Р.Н.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы



төлемдерді жүзеге асыруға рұқсаты. Авторландыруды алу рәсімі Жүйе операторы мен жүйеге қатысушылардың арасында жасалған шарттарға сәйкес белгіленеді ;

2) авторландырылған хабар – авторландыру жүргізу үшін қажетті ақпараттан тұратын және жүйеге қатысушылар арасында Жүйе операторы арқылы берілетін с ұ р а т у / ж а у а п ;

3) банкаралық комиссия – жүйенің басқа қатысушысына қызмет көрсету желісінде жүйеге қатысушы шығарған төлем карточкалары бойынша жүзеге асырылған (жасалған) операциялар үшін жүйенің бір қатысушысының жүйенің басқа қатысушысына төлейтін сыйақысы;

4) жүйеге жанама қатысушы – меншікті процессинг орталығы жоқ және төлем карточкалары бойынша операцияларды өңдеу үшін үшінші тараппен жасалған шарт негізінде оның процессорының қызметтерін пайдаланатын төлем карточкаларының эмитенті және/немесе эквайер;

5) жүйеге қатысушы – Жүйе операторына қосылу мүмкіндігімен меншікті процессинг орталығы бар, сондай-ақ жүйеде Жүйе операторымен жасалған шарт негізінде эмитенттің және/немесе эквайердің функцияларын орындайтын екінші деңгейдегі банк және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі – банк);

6) жүйеге қатысушы және жүйеге жанама қатысушы шығаратын төлем карточкалары бойынша банктік сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – банктік сәйкестендіру нөмірі) – төлем карточкаларының тиісті жүйесі осы жүйеде өзі шығаратын төлем карточкасын сәйкестендіру үшін эмитентке берілген бірегей н ө м і р ;

7) жүйеге қатысушының таза позициясы – жүйенің басқа қатысушыларының жүйенің осы қатысушысына қатысты ақшалай міндеттемелері бойынша жүйенің қатысушылары ұсынған қаржылық хабарлар сомасы және жүйенің осы қатысушысының жүйенің басқа қатысушыларына қатысты ақшалай міндеттемелері бойынша жүйенің басқа қатысушылары ұсынған қаржылық хабарлар сомасы арасындағы айырма. Егер айырма – теріс сан болса, онда жүйеге қатысушының дебеттік таза позициясы бар, егер оң болса – кредиттік т а з а п о з и ц и я с ы б а р ;

8) жүйенің позициясы – клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымын қамтамасыз ету үшін банкаралық ақша аударымы жүйесінде Жүйе операторына а ш ы л а т ы н п о з и ц и я ;

9) Жүйе операторының операциялық қағидалары (бұдан әрі – операциялық қағидалар) – Жүйе операторы қызметінің тәртібін және оған бекітілген функцияларды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын оның ішкі құжаты;

10) қаржылық хабар – төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған

операция бойынша банкаралық төлем жүргізу үшін қажетті ақпараттан тұратын және жүйенің бір қатысушысының жүйенің басқа қатысушысына қатысты ақшалай міндеттемелерін (талаптарын) білдіретін төлем құжаты;

11) «овердрафт» күндізгі қарызы – банкаралық төлемдер клирингінің (бұдан әрі – клиринг) нәтижелері бойынша ақша аударымын жүзеге асыру үшін банкаралық ақша аударымы жүйесінде олардың позицияларына ақша болмаған немесе жетіспеген жағдайда Ұлттық Банктің жүйе қатысушыларына бір операциялық күнге беретін қысқамерзімді қарызы;

12) процессинг орталығы – төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді және басқа операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинақтауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыратын банктің құрылымдық бөлімшесі немесе банк құрған заңды тұлға;

13) төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша хабарларды маршруттау (бұдан әрі – хабарларды маршруттау) – банкаралық төлемдер бойынша хабарлардың жүйе қатысушылары арасында жүру және беру маршруттын айқындау процесі;

14) үшінші тараптың процессоры – қатысушылар және Жүйе операторы арасындағы техникалық өзара іс-әрекетті қамтамасыз ететін процессингтік ұйым;

15) хабар – Жүйе операторы және жүйеге қатысушылар арасында ақпарат алмасу үшін пайдаланылатын ақпараттық деректер тобы;

16) шығыс лимиті – жүйеге қатысушының рұқсат етілген дебеттік таза позициясының ең көп мөлшері, оның шегінде жүйе арқылы жүйенің басқа қатысушыларына қызмет көрсету желісінде жүйенің осы қатысушысы шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүргізуге рұқсат етіледі;

17) электрондық хабар алмасу – Жүйе операторы мен жүйеге қатысушы арасында, сондай-ақ жүйеге қатысушылар арасында кез келген хабарды электрондық нысанда алмасу.

3. Жүйе операторы мен жүйеге қатысушылар арасында хабар алмасу электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

4. Операциялық қағидаларда және/немесе тиісті шарттарда белгіленген хабарларды немесе басқа ақпаратты алу туралы хабарлама хабарларды жіберуге және/немесе алуға растама болады.

## **2. Жүйенің жұмыс істеуінің құқықтық негізі**

5. Жүйенің жұмыс істеуінің құқықтық негізін Қағидалар, сондай-ақ жүйеге қатысушылар арасында жасалатын шарттар қамтамасыз етеді. Жанама қатысушы процессингтік ұйымды (үшінші тараптың процессоры) көрсете отырып, жүйеге

қосылу туралы өтінішке қол қояды және жүйеге қатысушымен шарт жасасады.

6. Жүйеге қатысушылар мен Жүйе операторы арасындағы шарт мынадай талаптарды қамтиды :

1) жүйеге қатысушылардың және Жүйе операторының құқықтары мен міндеттері ;

2) жүйеге қосылуға қойылатын талаптар;

3) төмендегілерді қоса алғанда, операциялық қағидаларды сақтау жөніндегі талаптар :

төлемдер туралы электрондық нысанда хабарлар (бұдан әрі – электрондық хабар) және өзге ақпарат алмасу тәсілдері мен тәртібі;

ақпараттық қауіпсіздікті және деректерді/жеке деректерді және банктік құпияны сақтау режимін сақтауға қойылатын талаптар;

хабарларды маршруттауды және авторландыруды жүргізу тәртібі және талаптары ;

клирингті жүзеге асыру тәртібі;

банкаралық комиссияларды есептеу тәртібі;

клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару мерзімдері мен тәсілдері;

банкаралық төлемдер бойынша даулы жағдайларды шешу рәсімдері;

4) жүйеге қатысушының және Жүйе операторының Қағидалар мен шарт талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілігі;

5) шартты бұзу және шарт талаптарын өзгерту тәртібі.

Жүйе операторы мен жүйеге қатысушы арасындағы шартта Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қосымша талаптар көзделеді.

### **3. Жүйе операторы**

7. Оператор процессингтік ұйым және клирингтік ұйым болып табылады. Жүйе шеңберінде Жүйе операторына мынадай функцияларды жүзеге асыру:

1) авторландырылған хабарлармен байланысты хабарларды маршруттау;

2) жүйеге қатысушылар арасында қаржылық хабарлар алмасуды және беруді ұйымдастыру ;

3) клирингті жүзеге асыру ;

4) банкаралық ақша аудару жүйесінде клиринг нәтижелері бойынша ақша аударуды жүзеге асыру үшін төлем құжаттарын қалыптастыру және беру;

5) тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру, жүйедегі тәуекелдерді бағалауды және басқаруды жүзеге асыру;

6) жүйеге қатысушылармен банкаралық төлемдер бойынша дауларды сотқа дейін қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

7) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы, «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға және шарттарға сәйкес оларды маршруттауды жүзеге асыру, клиринг нәтижелері бойынша клиринг және ақша аудару кезінде хабарларды қорғауды қамтамасыз ету;

8) хабарларды маршруттау, клиринг нәтижелері бойынша клиринг және ақша аудару, комиссияларды, оның ішінде банкаралық комиссияны есептен шығару/ұстап қалу бойынша есептерді қалыптастыру және беру;

9) жүйеге қатысушылармен жасалған шарттарға сәйкес өзге де функциялар жүктеледі.

8. Жүйе операторының қатысушыларына көрсететін қызметтері үшін тарифтердің түрлері мен мөлшерлерін Жүйе операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 10) тармақшасына сәйкес белгілейді.

9. Жүйе операторына жүйе шеңберінде мынадай талаптарды орындау:

1) барлық қатысушыларды оның қызметтеріне қол жеткізуге және пайдалануға тең жағдайды қамтамасыз ету;

2) жүйені қауіпсіз орналастыру және пайдалану үшін техникалық және басқа үй-жайлардың болуы;

3) ақпаратты сақтау және ақпараттық жүйелерді қалпына келтіру үшін резервтік орталықтың, төтенше және алдын ала болжанбаған жағдайлар кезінде дерекқорлардың болуы;

4) көрсетілетін қызметтер бойынша тәуекелдерді бағалауды және басқаруды қамтамасыз ету (ұйымдастыру);

5) Қағидаларда және операциялық қағидаларда көзделген тәртіппен хабарларды маршруттауды жүзеге асыруды, авторландыруды алуды, төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша клирингті қамтамасыз ету;

6) жүйеге қатысушылардың операциялары бойынша ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету жүктеледі.

10. Жүйеде қолданылатын электрондық хабарларды беру форматтарын, жүйенің ерекшеліктерін және стандарттарын жүйенің Операторы әзірлеп, бекітеді және оны барлық жүйеге қатысушылар сақтайды.

#### **4. Жүйеге қатысушылар**

11. Банкаралық ақша аудару жүйесін пайдаланушы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен «овердрафт» күндізгі қарызын беру туралы

шарт жасасқан банк жүйеге қатысушы болып табылады.

12. Жүйеге қатысушылар арасындағы өзара қарым-қатынастарды Қағидалар, операциялық қағидалар және жүйе шеңберінде Жүйе операторымен жасалған ш а р т т а р р е т т е й д і .

13. Жүйеге қатысушының үшінші тараптың процессоры арқылы хабарларды маршруттау үшін жанама қатысушыны қосуына және жүйеге қатысушының төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операциялар құрамында жанама қатысушының төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операциялар бойынша жүйеде клирингті жүзеге асыруына жол беріледі.

Жүйеге қатысушы мәртебесін алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей жүйеге қатысушы Жүйе операторына оған қосылған жүйенің жанама қатысушысы (қатысушылары) туралы хабарлайды және Жүйе операторына банктік сәйкестендіру нөмірлерін береді. Жүйеге қатысушы жүйенің жаңа жанама қатысушысын қосқан кезде жүйеге тартылған жанама қатысушы туралы ақпаратты жүйеге қатысушы Жүйе операторына ол қосылатын күнге дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей ұсынады.

Жанама қатысушы жүйеге қатысушыға қосылған кезде жүйенің басқа қатысушыларына қызмет көрсету желісінде өзі шығарған төлем карточкалары бойынша қызмет көрсетіледі, сондай-ақ өзінің қызмет көрсету желісінде басқа қатысушылар шығарған төлем карточкаларына қызмет көрсетеді.

14. Жүйе шеңберінде жүйеге қатысушы мен жанама қатысушы өзінің процессингтік орталығы немесе үшінші тараптың процессоры арқылы мынадай н е г і з г і ф у н к ц и я л а р д ы :

1) өздері шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операцияларды күн сайын тәулік бойы авторландыруды орындауды қамтамасыз е т у д і ;

2) электрондық хабарлар алмасу үшін Жүйе операторымен өзара іс-әрекетті қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

3) жүйенің басқа қатысушыларының төлем карточкалары бойынша өзінің қызмет көрсету желісінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша авторландырудың орындалуын қамтамасыз етуді;

4) жүйеге қатысушының өзінің қызмет көрсету желісінде және оның жанама қатысушыларының қызмет көрсету желісінде жүйенің басқа қатысушыларының төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар бойынша қаржылық хабарларды жүйеге қатысушының қалыптастыруы және Жүйе о п е р а т о р ы н а ұ с ы н у ы ;

5) Жүйе операторымен жасалған шарттарға сәйкес өзге функцияларды жүзеге а с ы р а д ы .

15. Жүйеге қатысушының жүйеге қатысуы мына жағдайларда тоқтатыла

т ұ р а д ы :

- 1) жүйеге қатысушының Қағидаларды және операциялық қағидаларды орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы;
- 2) Ұлттық Банктің аударым операцияларын жүргізуге арналған лицензияны тоқтата тұруы ;
- 3) жүйеге қатысушыны банкрот деп тану;
- 4) жүйеге қатысушының операциялық қағидаларда белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын бұзуы.

16. Жүйеге қатысу мына жағдайларда:

- 1) жүйеге қатысушы мен Жүйе операторы арасындағы шарт бұзылғанда;
- 2) жүйеге қатысушы қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда тоқтатылады.

## 5. Операциялық қағидалар

17. Операциялық қағидаларды Жүйе операторы бекітеді.

18. Операциялық қағидаларда:

- 1) хабарларды маршруттаудың, авторландырудың және клирингтің тәртібіне қойылатын талаптар ;
- 2) жүйеге қатысушылармен өзара іс-әрекет ету тәсілдері мен тәртібі және оларды Жүйеге техникалық қосу тәсілдері;
- 3) төлем карточкаларының эмитенттерімен өзара іс-әрекеттің, ақпаратты берудің пайдаланылатын форматтардың, ақпараттық қауіпсіздікті және ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етудің техникалық стандарттары және оларға қойылатын талаптар ;
- 4) мониторингті, хабарларды маршруттауды жүзеге асыру және банкаралық төлемдер бойынша авторландыруды алу тәртібі;
- 5) клирингті жүзеге асыру тәртібі;
- 6) банкаралық комиссияларды есептеу тәртібі;
- 7) төлемдерді өңдеу процесінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді шешу және процессингті ұсыну тәртібі;
- 8) ақпараттық қауіпсіздік режимін сақтауға және деректерді/дербес деректерді және банк құпиясын сақтауға қойылатын талаптар;
- 9) жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін, оның ішінде төтенше жағдайлар туындаған кезді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге ережелер қамтылады .

19. Жүйе операторы мен жүйеге барлық қатысушылар операциялық қағидаларды сақтайды.



## 6. Банкаралық комиссия

20. Жүйеде банкаралық комиссиялардың мынадай түрлері қолданылады:

1) төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны беру операциялары бойынша банкаралық комиссия банкаралық төлем сомасының п а й ы з ы м е н :

қаржылық хабарлар ұсынылған әрбір банкаралық төлем үшін эквайер пайдасына эмитенттен сыйақы;

банкаралық төлемнің күші жойылған/қайтарылған жағдайда сыйақыны қайтару көрсетіледі.

2) төлем карточкаларын пайдалана отырып, тауарларды және жұмыстарды (қызметтерді) қолма-қол ақшасыз төлеу операциялары бойынша банкаралық комиссиялар банкаралық төлем сомасының пайызымен:

эквайер қаржылық хабарларды ұсынған әрбір банкаралық төлем үшін эмитент пайдасына эквайерден сыйақы;

банкаралық төлемнің күші жойылған/қайтарылған жағдайда сыйақыны қайтару көрсетіледі.

3) ақша аударымдары операциялары бойынша банкаралық комиссиялар банкаралық төлем сомасының пайызымен:

эквайер қаржылық хабарларды ұсынған аударымдарды жіберуші мен алушы эмитенттерінің пайдасына эквайерден сыйақы;

банкаралық төлемнің күші жойылған/қайтарылған жағдайда сыйақыны қайтару ретінде көрсетіледі.

4) кедендік төлемдер төлеу, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу операциялары бойынша банкаралық комиссиялар жұмыстарды (қызметтерді) ұсынатын ұйым келісім талаптарына сәйкес эквайерге комиссия төлемейтін жағдайларда белгіленген сомалармен немесе банкаралық төлем сомасының пайызымен:

эквайер қаржылық хабарларды ұсынған, эквайердің пайдасына эмитенттен с ы й а қ ы ;

банкаралық төлемнің күші жойылған/қайтарылған жағдайда сыйақыны қайтару ретінде көрсетіледі.

21. Жүйе операторы банкаралық комиссияларды операциялық қағидаларда көзделген тәртіппен белгіленген мөлшерлерге сәйкес есептейді.

22. Жүйе операторы жүйеге қатысушыдан қаржылық хабарларды алғаннан кейін банкаралық комиссиялық ақыны есепке алады.

23. Банкаралық комиссиялардың мөлшерлерін Жүйе операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 10)

тармақшасына сәйкес белгілейді.

24. Жүйеге қатысушылардың банкаралық комиссиялар бойынша міндеттемелері мен талаптары Қағидалардың 8-тарауына сәйкес клирингті жүзеге асыру кезінде айқындалады.

## **7. Хабарларды маршруттау және авторландыру**

25. Жүйеде хабарларды маршруттау және авторландыру тәулік бойы режимінде жүзеге асырылады.

26. Жүйе операторы хабарларды маршруттау кезінде жүйеге қатысушыны сәйкестендіру үшін ол берген банктік сәйкестендіру нөмірлерін пайдаланады.

Банктік сәйкестендіру нөмірлері өзгерген немесе жаңартылған жағдайда жүйеге қатысушы дереу, бірақ жаңартылған сәттен бастап келісі жұмыс күнінен кешіктірмей қорғалған арналар бойынша бұл туралы Жүйе операторына хабарлайды, ол жаңартылған деректемелерді жүйенің өзге қатысушыларына жібереді.

27. Жүйе операторы жүйеге әрбір қатысушының басқа қатысушыларға қызмет көрсету желісінде жүйеге қатысушының төлем карточкалары бойынша операциялар жасалатын шегіндегі шығыс лимитін сақтауына мониторингті жүзеге асырады. Жекелеген жүйеге қатысушы шығыс лимитін асырған жағдайда Жүйе операторы банкаралық төлемдер бойынша авторландыруды жүргізуге жол бермейді.

28. Жүйеге қатысушыға қол жеткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, Жүйе операторы авторландыру қызметтерін кейін жүйеге қатысушыға шығыс лимитін сақтай отырып жүргізілген операциялар туралы хабарлай отырып, банктік сәйкестендіру нөмірлері бойынша бөле отырып, операциялардың сомалары мен саны бойынша жүйеге қатысушы ұсынған лимиттердің деңгейінде көрсетеді.

29. Жүйеге басқа қатысушылардың төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың нәтижесі бойынша жүйеге қатысушылар банкаралық төлемдерді жүзеге асыру үшін өздерінің қызмет көрсету желісінде жүйеге басқа қатысушыларға қатысты арналған қаржылық хабарларды қалыптастырады және жүйеге жібереді.

## **8. Клиринг**

30. Клиринг жүйеге қатысушылардың өздерінің берген қаржылық хабарлары, сондай-ақ жүргізілген банкаралық операциялар бойынша есептелген банкаралық комиссиялар бойынша қарсы талаптары мен міндеттемелерін есепке алу негізінде жүзеге асырылады.

31. Жүйеге қатысушылардың таза позицияларын айқындау жүйеге

қатысушылар міндеттемелерінің қарсы талаптарының, сондай-ақ есептелген банкаралық комиссиялардың сомалары бойынша айырмасын табу арқылы жүргізіледі. Жүйеге қатысушылардың таза позицияларын айқындауды Жүйе операторы Жүйе операторы бекіткен операциялық күн кестесіне сәйкес жүзеге асырады.

32. Жүйеге қатысушылардың таза позицияларын айқындаған кезде жүйеге барлық қатысушылардың дебеттік және кредиттік таза позициялары сомаларының айырмасы нөлге тең болады.

33. Клирингті аяқтағаннан кейін Жүйе операторы жүйеде өңделген қаржылық хабарлар, жүйеге қатысушыларға банкаралық комиссиялар туралы ақпаратты Жүйе операторы мен жүйеге қатысушы арасында жасалған шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде береді.

## **9. Клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару**

34. Ақша аудару жүйеге қатысушылардың қарсы талаптары мен міндеттемелерін есепке алу процесі аяқталғаннан кейін клиринг нәтижесі жүзеге асырылады.

35. Банкаралық ақша аударымы жүйесінде әрбір жүйеге қатысушының таза позициясына сәйкес жүйеге қатысушылар арасындағы клиринг нәтижесі бойынша ақша аударылады.

36. Жүйе операторы клиринг нәтижесі бойынша ақша аударымдарын мынадай жүйемен жүзеге асыру үшін төлем құжаттарын жасайды және банкаралық ақша аударымы жүйесіне береді:

1) бірінші кезекте, клиринг нәтижесі бойынша дебеттік таза позициялары бар жүйеге қатысушылар позициясынан жүйе позициясына ақша аударылады;

2) екінші кезекте, жүйе позициясынан клиринг нәтижесі бойынша кредиттік таза позициясы бар жүйеге қатысушылар позициясына ақша аударылады.

37. Жүйе операторы клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымы аяқталғаннан кейін жүйеге қатысушыға осы қатысушының таза позициясына сәйкес ақша аударымының аяқталғаны туралы хабарлама береді. Банкаралық ақша аударымы жүйесіндегі жүйе позициядағы ақша қалдығы нөлге тең.

## **10. Тәуекелдерді басқару**

38. Жүйеге қатысушыда клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымын жүзеге асыру үшін ақша жетіспеген немесе болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйеге қатысушы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған шарт негізінде «овердрафт» күндізгі қарызын береді.

39. «Овердрафт» күндізгі қарызын берудің тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен жүйеге қатысушы арасында жасалған ш а р т т а б е л г і л е н е д і .

40. Клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымын уақтылы жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жасалған шарттарға сәйкес жүйеге қатысушылардың резервтік қорын және тәуекелдерді басқарудың өзге де әдістерін жасауға жол беріледі.

## **11. Жұмыс істеу қабілетін және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар**

41. Жүйе операторы электрондық хабарлар алмасу рәсімдерін белгілейді және олар жүйеге қатысушыларға операциялық қағидаларда және Жүйе операторы мен жүйеге қатысушылар арасындағы шартта белгіленген мерзімдерде жіберіледі .

42. Жүйе операторы жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мынадай негізгі функцияларды орындайды:

1) ақпаратты өңдеудің және берудің барлық сатыларында оның тұтастығын, қолжетімділігін, шынайлығын және конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді;

2) жүйеге қатысушылар мен Жүйе операторы арасында ақпаратты өңдеу және беру кезінде қолданылатын криптографиялық кілттердің қауіпсіз бөліну рәсімдерін орындайды ;

3) кіріс және шығыс электрондық хабарлар үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдануды қамтамасыз етеді.

43. Жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібіне мыналар:

1) жүйенің бағдарламалық-техникалық кешенін резервтеу (негізгі және резервтік орталықтарды);

2) деректердің резервтік көшіріп алынуын және мұрағатталуын қамтамасыз ету ;

3) жүйеге қатысушылармен өзара іс-әрекет ету үшін байланыс арналарын (негізгі және резервтік) резервтеу;

4) жүйеге қатысушыларды қосудың түрлі әдістерін пайдалану;

5) жүйенің, құрылғылардың, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуінің бұзылу себептерін анықтау, оларды жою жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру мақсатында жүйенің жұмыс істеуіне мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

6) Жүйе операторының жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдық-техникалық шараларды қолдануы арқылы қол жеткізіледі.

44. Жүйе операторы жүйеге қатысушылардың шартта және Жүйе операторының операциялық қағидаларында айқындалған ақпаратты қорғауға

қойылған талаптарды сақтауына мониторингті жүзеге асырады. Жүйеге қатысушы Қағидаларда, шартта және операциялық қағидаларда белгіленген қауіпсіздікке қойылған талаптарды бұзған жағдайда, Жүйе операторы операциялық қағидаларда және жасалған шарттың талаптарында көзделген тәртіппен жүйеге қатысушыны ажыратуға дейінгі қажетті шұғыл шараларды қабылдайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК